

№131 жалпы орта білім беретін мектебі

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖОЛДА ЖҮРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

2024-2025 оқу жылы

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «№131 ЖАЛПЫ
ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»**
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное
учреждение
**«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №131»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ**

БҰЙРЫҚ

2024 жылғы 02 қыркүйек

Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 244

город Шымкент

«Жолда жүру қауіпсіздігі туралы»

Мектепке балалардың келіп, кету кезінде жолда жүру ережелері мен өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылына жолда жүру ережелерінің жоспары жасалып, бекітілсін. Жауапты: Н.Салман, С.Қосалиева.
2. Жолда жүру ережелері бойынша оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізілсін. Жауапты: ювеналды полиция қызметкері Е.Уркинбаев, сынып жетекшілер.
3. Жолда жүру қауіпсіздігін алдын-алу мәселесі бойынша ата-аналар жиналысында қаралсын. Жауапты: сынып жетекшілер.
4. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы сынып сағаттары арқылы 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-9 сыныптарда 10 сағаттан тәрбие сағаттары есебінен жолда жүру ережелері бойынша айына екі рет сынып сағаттары өткізілсін. Жауапты: сынып жетекшілер.
5. Осы бұйрықтың орындалуын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Н.Салман, С.Қосалиева

/Мектеп директоры/ **К.С.Жарасова**



Бұйрықпен таныстым:

02.09.24

(күні)

(қолы)

Бұйрықпен таныстым:

02.09.24

(күні)

(қолы)

Салман Н.

(қолтаңбаның толық мәні)

Қосалиева С.

(қолтаңбаның толық мәні)



**№ 131 жалпы орта білім беретін мектебі
1-8 сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері»
білім беру бағдарламасы**

**Қазақстан республикасы Оқу –ағарту министрлігінің 2022 жылғы
3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2 және 3 қосымшалары негізінде
мектепшілік 02.09.2024 жылғы №244 бұйрығымен бекітілді**

2024-2025 оқу жылы

**Жалпы білім беретін мектептердің
1 – 8 сыныптарына арналған
Жолда жүру ережелерінің оқу
БАҒДАРЛАМАСЫ**

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде «Жол қозғалысы ережелері» 1-8 сыныптарда сынып сағаты есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып іске асырады.

Жол қозғалысы ережелерін игеруіне 1-4 сыныптарына жылына әр сыныпқа 6 сағат беріледі, ал 5-8 сыныптарына жылына әр сыныпқа 10 сағаттан беріледі.

ЖҚЕ бойынша оқушылармен дәрістерді арнайы жабдықталған бөлмеде немесе арнайы автоаулаңда (мектеп ауласында, дене тәрбиесі залында) көрнекі-оқу құралдарын, жабдықтарды және балалардың көлік құралдарын пайдалана отырып өткізу ұсынылады.

Алаңда өтетін жерлерде: жол қиылыстарында, жүргіншілер өтпесінде жол таңбалары салынады; уақытша немесе тұрақты бағдарламалар, жол белгілері мен басқа да жабдықтар орнатылады.

Кейбір сабақтарды көшеде, жол қиылысында, алаңда (көлік құралдары қозғалысы мен жүргіншілер жүрісін көрсете отырып), қоғамдық көлікте өткізу ұсынылады.

Дәрістерді, жекелеген әңгімелерді, экскурсияларды және т.с.с. өткізу үшін мұғалім (сынып жетекшісі) жол полициясы қызметкерлерін, көлік құралдары жүргізушілерін тарта алады.

Оқыту және сыныптан тыс жұмыс процесінде оқушыларды көшелер мен жолдарда өздерін саналы ұстауға, жол қозғалысы ережелерін мүлтіксіз орындауға тәрбиелеуге ықпал жасайтын қысқаметражды кинофильмдер, бейнефильмдер, диафильмдер, диапозитивтер көрсетіледі, КТК-лар, викториналар, жүргіншілер мен велосипедшілер қозғалысы қауіпсіздігі жөнінен жарыстар ұйымдастырылады.

Әрбір сабақтан соң бақылау сұрақтары, тапсырмалар көмегімен оқушының Жол қозғалысы ережелерін қалай меңгергендігін анықтайтын тексеріс жүргізу қажет.

1-8 сыныптарға ұсынылған тақырыптар «Жол қауіпсіздігінің ережелері» 24 тамыз 2007 жылғы № 404 Қазақстан Республикасының оқу және білім Министрлігі бұйрығынан алынды.

1-СЫНЫП

р/т №	ай	Сабақ тақырыптары	Сағат саны
1.	қыркүйек	Көше күтпеген жағдайларға толы	1
2.	қазан	Аялдау жолы және қозғалыс жылдамдығы.	1
3.	қараша	Жүргіншілер өтпелері. Бағдарламалар.	1
4.	желтоқсан	Реттелетін, реттелмейтін көше қиылыстары.	1
5.	сәуір	Автобуста, трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде жүру	1
6.	мамыр	Жол белгілері және жолға салынатын таңбалар.	1
Барлығы:			6

1. Көше күтпеген жағдайларға толы.

Біз тұратын қала, кент. Мектеп орналасқан шағын аудандағы негізгі көшелер. Көшеде неліктен қауіпті. Жол қозғалысы ережелерін неліктен білуге және орындауға тиіспіз. Көше элементтері:

жүргін бөлік, тротуар. Жаяу жүргіншілер қоршаулары. Көшедегі қауіпсіздік. Тротуарда қалай дұрыс жүру, жүргін бөлікті қалай дұрыс кесіп жүріп өту керек. Мектепке және үйге неғұрлым қауіпсіз жол. Нақты бағдарды талдау. Бірі екіншісіне көмектеседі (көшені өзің кесіп жүріп өте алмасаң – ересек адамнан көмек сұра). Көшедегі тәртіп – қауіпсіз қозғалыс кепілі. Мұқият және абай бол!

2. Аялдау жолы және қозғалыс жылдамдығы.

Жүргін бөлікке кенеттен жүгіріп шығу неліктен қауіпті. Автомобильді қас-қағым сәтте тоқтату мүмкін емес. Автомобильдің аялдау жолы.

Балалармен болған жол-көлік оқиғаларының мысалдары (жол полициясының мәліметтері бойынша).

3. Жүргіншілер өтпелері. Бағдаршам.

Жолды қай жерде кесіп жүріп өтуге болады. Екі жақты қозғалыс жолы. Егер жүргін бөлікті кесіп жүріп өтуге үлгермесең не істеу керек. Жүргін бөліктің ортасында тұрған жүргіншінің өзін-өзі ұстауы.

Бір жақты қозғалыс жолы. Қозғалысы бір жақты жолды кесіп жүріп өту ережелері. Бағдаршам не үшін қажет? Бағдаршам белгілері: қызыл, сары, жасыл. 3-секциялы бағдаршам қалай жұмыс істейді.

Бағдаршамы бар көше қиылысында жолды қалай кесіп жүріп өту керек.

Жүргінші бағдаршамы және оның белгілері. Дыбыстағыш қондырғысы бар жүргінші бағдаршамы.

4. Реттелмейтін, реттелетін көше қиылыстары.

Көше қиылысы деген? Көлік құралдарының көше қиылысындағы қозғалысы. Көлік құралдарының бұрылуы. Жүргізушілер беретін сақтандыру белгілері. Реттелмейтін көше қиылысының белгілері. Реттелмейтін көше қиылысындағы жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері.

4. Автобуста және троллейбуста, трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде жүру.

Қандай көлік құралдарын бағдарлық деп атайды? Қала бағдарлық көлігі: автобустар, троллейбустар, трамвайлар, бағдарлық таксилер. Автобустың және троллейбустың аялдмасы, олардың белгіленулері. Аялдамаға қалай дұрыс өтуге болады. Аялдамада өзін-өзі ұстау ережелері. Автобус және троллейбус жолаушыларына арналған көлікке кірер кездегі, салон ішіндегі және шығар кездегі ережелер. Автобустан немесе троллейбустан түскен кезде жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері. Трамвай аялдмасы. Оның белгіленуі, трамвай аялдмасының автобустікінен айырмашылығы. Трамвай аялдмасына қалай өту керек. Трамвай аялдмаларында өзін-өздері ұстау ережелері. Трамвай жолаушыларына арналған кіру кезіндегі, вагон ішіндегі және шығу кезіндегі ережелер. Трамвайдан түскеннен кейін жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері. Бағдарлық таксилер. Оның бағдарлық автобустан айырмашылығы. Бағдарлық таксилерді қалай дұрыс пайдалануға болады. Жеңіл автомобильді пайдалану ережелері (кіру, жүру, шығу).

5. Жол белгілері және жолға салынған таңбалар.

Жол белгілері мен жолға таңба салудың максаты. Жол белгілері: «Жүргінші өтпесі» (акпараттық-көрсеткіштік). «Жер асты жүргінші өтпесі», «Жер үсті жүргінші өтпесі», «Автобус және (немесе) троллейбус аялдмасының орны», «Трамвай аялдмасының орны», «Жүргіншілер қозғалысына тыйым салынады», «Жол жұмыстары» (барлығы 7 белгі).

2-СЫНЫП

р/т №	Айы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Оқушылардың көшелерде және жолдарда өзін-өздері ұстауларының негізгі ережелері.	1
2.	желтоқсан	Реттеуші және оның белгілері.	1
3.	қаңтар	Мектепке барар жол. (Сенің күн сайынғы бағдарың).	1
4.	ақпан	Ойнауға қай жерде болады және қай жерде болмайды.	1
5.	сәуір	Қала сыртына шығу.	1
6.	мамыр	Жол жүргізушілердің көзімен.	1
		Барлығы:	6

1. Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.
Көшеде неліктен қауіпті. Үлкен қала көшелеріндегі қозғалыстың қиындығы.
Жол қозғалысы ережелерін сақтау – жүргіншілер қауіпсіздігінің кепілі.
Көшелер мен жолдарда өзін-өзі қауіпсіз ұстау ережелерін қайталау.
Қалада (кентте, ауданда) балалармен болатын жол-көлік оқиғаларының жол полициясының мәліметтері бойынша мысалдары.
2. Реттеуші және оның белгілері.
Реттеушіге алаяқ пен ысқырық неге қажет?
Реттеушінің белгілері. Жүргіншілердің осы белгілер бойынша іс-әрекеттері.
Реттеуші белгілерінің бағдарламалық белгілерінен артықшылықтары.
3. Мектепке жол. (Сенің күнделікті бағдарың).
Мектеп шағын ауданы. Мектеп шағын ауданындағы көлік.
Мектеп шағын ауданындағы неғұрлым қауіпті жол қиылыстары.
Мектеп оқушысының жол бағдарында 1-ші сыныпқа қарағанда не өзгерді. Мектеп, үй, кинотеатр, дүкен және т.с.с. жолындағы қауіпсіз жолдарды талдау.
4. Ойнауға қай жерде болады және қай жерде болмайды.
Жүргін бөлікке жақын ойнаудың қауіптілігі. Ауланың қай жерінде ойнауға болады және қай жерінде ойнауға болмайды.

Балалармен болған жол-көлік оқиғаларының мысалдары (жол полициясының материалдары бойынша). Олардың туындау себептерінің талдауы.

5. Қала сыртына шығу.

Қала сырты жолындағы көлік қозғалысы.

Қала сыртындағы жолда жүргіншілер қозғалысының ережелері. Қала сыртындағы жолды қалай дұрыс кесіп жүріп өтуге болады.

Теміржол өтпелері, олардың түрлері. Теміржол өтпелерінен (шлагбаумы бар және шлагбаумы жоқ) жүріп өту ережелері.

6. Жол жүргізушілер көзімен.

Жылдың, тәуліктің мезгілдеріне және ауа райы жағдайларына байланысты жолдың жай-күйі.

Жүргізуші жұмысының ерекшеліктері.

Жүргін бөлігінде жүргіншілерге туындайтын қауіпті жағдайлар жүргізушілердің көзімен.

3-СЫНЫП

р/т №	айы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.	1
2.	қазан	Жүргіншілер өтпелері.	1
3.	қаңтар	Жарақаттанған кездегі алғашқы медициналық көмек.	1
4.	наурыз	Жарақаттанған, жаралап алған кезде алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану.	1
5.	сәуір	Сен – велосипедшісің.	1
6.	мамыр	Көше жүргізушілер көзімен.	1
Барлығы:			6

1. Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.
Жолдағы тәртіп. Жүргіншілердің тротуармен жүрген кездегі міндеттері. Жүргіншіге тротуарда тап болуы мүмкін қауіп.

Өзінді көшеде және достарымен, ағамен, апамен, қарт кісілермен жүргін бөлікті кесіп жүріп өту кезінде қалай дұрыс ұстау керек.

Жүргіншілер мен көлік құралдарының оң жақты қозғалысы.

Көше қиылыстары және олардың түрлері.

Көше және оның құрамдас бөліктері: жүргін бөлік, тротуар туралы әңгіме; олардың мақсаты.

Көше және оның құрамдас бөліктері: жүргін бөлік, жол жиегі, кювет туралы әңгіме.

Жүргіншілер мен велосипедшілердің жолы.

«Үй – мектеп – үй» бағдарын жасап, осы бағдардағы жүргінші үшін барлық қауіпті жерлерді көрсету.

2. Жүргінші өтпелері.

Екі жақты және бір жақты қозғалысты жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері.

Жүргін бөлікті жүріп өту кезіндегі қауіпті жағдайлар.

Балалармен болған жол-көлік оқиғаларының мысалдары (жол полициясының материалдары бойынша). Олардың туындау себептерінің талдауы.

3. Жарақаттанғанда алғашқы медициналық көмек.

Жарақат түрлері: сынықтар, ауыртып алулар, жаралар, жаралап алулар, күйіктер және т.с.с. Қан ағудың түрлері: артериалдық, веноздық, капиллярлық.

4. Жарақаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану.

Қысып таңып тастау және бұрау салу жөнінен практикалық сабақ.

Орамал сияқты үшбұрыштап, айналдырып және мықтап бекітіп таңып байлау жөнінен практикалық сабақ.

5. Сен – велосипедшісің.

Велосипедте велофигуралар элементімен ойындар және жарыстар.

6. Көше жүргізушілер көзімен.

Жол-көлік оқиғасы (ЖКО) деген не?

Жол-көлік оқиғаларының жүргіншілер кінәсінен туындау себептері:

- жүргін бөлікті белгіленбеген жерден кесіп жүріп өту, өте жақын қозғалып келе жатқан көлік алдынан өту, бағдаршамның тыйым салатын белгісіне қарамастан өту;
- жүргін бөлікке кедергілер (автобустың, автомобильдің, бұталардың) артынан кенеттен шыға келу;
- 14 жасқа толмаған балалардың велосипедте жүргін бөлікте жүруі;
- жүргін бөлікте не оған жақын ойнау.

4-СЫНЫП

р/т №	айы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жүргіншілер қауіпсіздігі.	1
2.	казан	Жол қозғалысы ережелері білімін тексеру.	1
3.	желтоқсан	ЖКЕ негізгі түсініктері мен терминдері.	1
4.	наурыз	Теміржол өтпелері.	1
5.	сәуір	ЖКО-да зардап шеккен балалар жарақаттарының негізгі түрлері мен себептері.	1
6.	сәуір	Қан аққан кезде алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану.	1
Барлығы:			6

1. Жүргіншілер қауіпсіздігі.

Көлік құралдарының түрлері: жеңіл, жүк, арнайы. Автомобильдер маркалары.
Кез келген қозғалып келе жатқан көлік – адамның қауіпсіздігіне төнген қауіп.
Қала көлігінің үдемелілігі және қозғалыс жылдамдығы.
Машина (автобус, трамвай және т.б.) бірден тоқтай ала ма? Тежеу жолы. Тежелу жағдайы.
Тұрған (тоқтаған) көлік – оны қалай айналып өтуге болады.
Мектепке, дүкенге, кітапханаға, стадионға және т.б. қауіпсіз жолды дұрыс таңдай білу.

2. Жол қозғалысы ережелері білімін тексеру.

1-3 сыныптарда алған Жол қозғалысы ережелері жөніндегі материалдарды қайталау.

3. ЖҚЕ негізгі түсініктері мен терминдері.

Жол қозғалысына қатысушы, жүргінші, жүргізуші, аялдама, тұрақ, мәжбүрлі аялдама, жол, жүргін бөлік, тұйық көше, тротуар, жүргінші жолы, жүргінші өтпесі, теміржол өтпесі, көлік құралы, велосипед, тұрғын үй аймағы.

қойылады.

Оқушылардың тротуармен және жүргінші өтпелерімен қозғалысы.

Реттеушінің белгілері.

4. Теміржол өтпелері.

Мектеп оқушыларының теміржол маңында өзін-өздері ұстауы.

Олардан жаяу және көлікпен кесіп жүріп өту ережелері.

Күзетілетін және күзетілмейтін теміржол өтпелері.

Поездарды (электропоездарды) пайдалану кезіндегі шарттар.

5. ЖКО-да зардап шеккен балалар жарақаттарының негізгі түрлері мен себептері.

Балалардың кінәларынан болатын жол-көлік оқиғалары.

Жол-көлік оқиғаларында көбіне орын алатыны: бір жерлерін ауыртып алулар, шығып кетулер, сынықтар.

Қан ағудың түрлері: артериалдық, веноздық, капиллярлық.

6. Қан аққан кезінде алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану.

Өзіне-өзі және өзара көмек түсінігі.

Қан ағуды тоқтату.

Қысып таңып тастау және бұрау салу жөнінен практикалық сабақ.

Орамал сияқты үшбұрыштап, айналдырып және мықтап бекітіп таңып байлау жөнінен практикалық сабақ.

5-СЫНЫП

р/т №	айы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Біздің қала (кент), аудан.	1
2.	казан	Жол-көлік оқиғаларының себептері.	1
3.	қараша	Жол таңбаларының мақсаты.	1
4.	желтоқсан	Қосымша секциялары бар бағдаршам белгілері.	1
5.	қаңтар	Реттеушінің белгілері.	1
6.	ақпан	Жол белгілері және олардың мақсаты.	1
7.	наурыз	Жол белгілері және олардың мақсаты.	1
8.	сәуір	Жүргізуші еңбегінің ерекшеліктері және оның негізгі міндеттері. Заманауи көлік – жоғары қауіптілік аймағы. Қоғамдық көлік.	1
9.	мамыр	Ауа райы жағдайларының жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсері.	1
10.	мамыр	Велосипедте жүру.	1
Барлығы:			10

6-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырып атаулары	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол қозғалысы ережелері (қайталау)	1
2.	қазан	Көлік құралдарының қозғалысы	1
3.	қараша	Көлік құралдарының аялдау жолы	1
4.	желтоқсан	Оқушылардың жол-көлік оқиғасы кезінде өзін-өздері ұстаулары	1
5.	қаңтар	Өрттің жаракат алғанда алғашқы медициналық көмек көрсету	1
6.	ақпан	Жаракаттанғанда, жаралап алғанда және жазатайым жағдайларда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек. Зардап шегіп, ес-түссіз жатқандарға алғашқы медициналық көмек көрсетудің ерекшеліктері	1
7.	наурыз	Жол қозғалысының қауіпсіздігі	1
8.	сәуір	Қозғалыстың жас инспекторлары - ҚЖИ	1
9.	сәуір	Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі	1
10.	мамыр	Жүргіншілерге арналған жол қозғалысы ережелері. «Жол қақпандары»	1
		Барлығы	10

7-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырып атаулары	Сағат саны
1.	қыркүйек	Көлік құралдарын пайдалану ережелері	1
2.	қазан	Автомобильдегі медициналық қобдиша	1
3.	қараша	ЖКО-да зардап шегушінің киімін шешу ережелері	1
4.	желтоқсан	Жараланғанда, жаракаттанғанда жазатайым оқиғалар кезіндегі және алғашқы медициналық көмек	1
5.	қаңтар	Сынған кездердегі алғашқы медициналық көмек. Қан аққан кездегі алғашқы медициналық көмек	1
6.	ақпан	Қала сыртындағы жолдардан, теміржол өтпелерінен жүріп өту.	1
7.	наурыз	Велосипедшілер, мопедшілер қозғалысының ережелері	1

8.	сәуір	Велосипедтерде, мотоциклдерде және мотороллерлерде жолаушылар мен жүк тасымалы ережелері	1
9.	сәуір	Велосипедшілермен арнайы белгіленген алаңда практикалық сабақтар	1
10.	мамыр	Велосипедшілермен арнайы белгіленген алаңда практикалық сабақ	1
		Барлығы	10

8-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырып атаулары	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол қозғалысы ережелерінің шығу тарихы. Жол белгілерінің халықаралық тілі	1
2.	қазан	Жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері және олардың ЖҚЕ бұзғаны үшін жауапкершіліктері	1
3.	қараша	Қауіпсіздіктің жаңа ғасырына (экология мен көлік)	1
4.	желтоқсан	Қауіпсіздік және жол қозғалысын ұйымдастыру	1
5.	қаңтар	Көше қиылыстарын, жүргіншілер отпелерін, қоғамдық көлік аядамаларын жүріп өту	1
6.	ақпан	Сынған кездегі алғашқы медициналық көмек көрсету. Қан аққан кездегі алғашқы медициналық көмек көрсету	1
7.	наурыз	Зардап шегіп, ес-түссіз жатқандарға алғашқы медициналық көмек көрсету	1
8.	сәуір	Бір жерлері шығып кеткендерге алғашқы медициналық көмек көрсету. Күйген кездегі алғашқы медициналық көмек көрсету	1
9.	сәуір	Ілінген қозғалтқышы бар велосипед пен мопед	1
10.	мамыр	Ілінген қозғалтқышы бар велосипедке (мопедке) қойылатын техникалық талаптар. Велосипедшілер қозғалысына өосымша Талаптар.	1
		Барлығы	10



Бөкітемін
Мектеп директоры
К.С.Жарасова

№131 жалпы орта білім беретін орта мектебі
«Жолда жүру қауіпсіздігінің» іс-шара жоспары
2024-2025 оқу жылы

№	Іс-шаралар	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты орындаушы
1	1-11 сыныптарға «Шұғыл қызмет нөмірлері», «Жүргіншілер қауіпсіздігі» тақырыптарында қауіпсіздік сабақтарын өту	сынып сағаты	қыркүйек	Сынып жетекшілер
2	Бастауыш сынып оқушыларына «Жол тәртібін білейік» тақырыбында ақпараттық түсіндірме жұмысын жүргізу.	түсіндірме	қазан	С.Қосалиева Е.Уркинбаев
3	Ауа райы жағдайларының жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсері	ақпараттық сағат	қараша	Н.Салман С.Қосалиева
4	Жолда және көлікте қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері	ережемен таныстыру	желтоқсан	Сынып жетекшілер
5	Оқушылардың жол-көлік оқиғасы кезіндегі өзін – өзі ұстауы	тренинг	қаңтар	Мектеп психологтары
6	«Ақырын жүріп, анық бас»	түсіндірме жұмысы	ақпан	С.Қосалиева Е.Уркинбаев
7	Жол тәртібін жадында ұста!	ақпараттық сағат	наурыз	Сынып жетекшілер
8	Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік!	челлендж	сәуір	А.Маметова С.Байзақ
9	Жол-көлік жарақатарын алдын алу	дөңгелек үстел	мамыр	Медбике инспектор

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасарлары

Н.Салман

С.Қосалиева

«Абайлаңыз балалар!» республикалық акциясы аясында «Жолда жүру ережелері» тақырыбында 3 - 5 сынып оқушыларына жүргізілген түсіндірме жұмысының

АНЫҚТАМАСЫ

2024 жылдың 03 қыркүйек күні «Жолда жүру қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету, жол-көлік оқиғаларының алдын алу» мақсатында ДТЖО С.Ө.Қосалиева, мектеп инспекторы Е.Уркинбаев, 3-5 сынып оқушыларына ақпараттық түсіндірме жұмысын жүргізді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың

- жол бойында қалай болса солай жүріп,
- доп қуалайтыны,
- ролик тебетіні,
- жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны,
- қалтарыстан жолға шығып келетіні салдарынан бұзылады екен.

Мектепке келе жатқанда және сабақтан үйге қайтар жолда жүргенде жаяу жүргіншілерге арналған жолдармен ғана жүру керектігін қатаң ескертілді. Еркерту белгілері жолдың қауіпті бөлігінің жақындағанын хабарлайды. Ол айналасы қызыл жолақпен көмкерілген ақ түсті тең қабырғалы үшбұрыш түрінде жасалып, ортасына қауіп түрін айқындайтын шартты белгілер салынады. Басымдылық белгілері көше киылыстарын жолдың жіңішкерген бөлігін кесіп өту керектігін белгілейді.

Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Кәмелетке толмағандардың кінәсінен және қатысуымен болатын жатқан, жол-көлік оқиғаларының алдын алуда, жол ережесін сақтаудың маңызы зор. Жалпы жолда жүргенде аса ұқыпты болған жөн себебі, жолда жүргенде жаяу жүргізушілерге арналған жолдармен ғана жүріп, ал олар болмаған жағдайда жолды жағалай қозғалу қажеттігін ескертті. Қоғамдық көліктерді айналып өткенде арақашықтық сақтаған дұрыс. Елді мекендерден тыс жерлерде жаяу жүргіншілер көлік жүретін бөлігімен қозғалған кезде, көлік құралдарының қозғалысына қарсы бағытта жүруі тиіс және қатаң тәртіпті сақтап жүруді ескертіп өтті.

ДТЖО



С.Ө.Қосалиева

Мектеп инспекторы

Е.Ш.Уркинбаев



**"Жол тәртібін білейік" тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына
өткізілген түсіндірме жұмыстарының**

АНЫҚТАМАСЫ

10.10.2024ж

Шымкент қаласы Қаратау АПБмен бірлескен жоспар аясында 2024 жылдың 10 қазан күні мектеп инспекторы Уркинбаев Ержан бастауыш сынып оқушылары арасында жол қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру, жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында "Жол тәртібін білейік!" тақырыбында жолда жүру ережелері туралы кеңінен түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерінің, бағдаршамның атқаратын қызметін үйрету және жол ережесін есте сақтау қабілетін арттыра отырып, жол ережесіне қойылған талаптарды орындауға тәрбиелеу.

Инспектор: Жол ережесін сақтау-қауіпсіздік кепілі. Жолда жүру ережесін сақтау – баршаның міндеті

Жол-көлік жаракаты құрылымында балалардың қатысуымен болған оқиғалар жетекші орын алады.

Қоғам үшін баланың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі- ең басты байлық.

Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетіні салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Сондықтан барынша сақ болып, жол ережесін бұзбай жүруіміз керек. Сыртқа шыққанда жан-жағымызға мұқият қарап, қырағы болған жөн.

Көшеде жолды қиып өтер кезде тек жаяу жүргіншілер өтпелінен немес бағдаршам тұрған жерден ғана өткен дұрыс, өзімізге қауіпсіз жағдай туған кезде ғана яғни бағдаршамның жасыл түсі жанған кезде өткеніміз дұрыс.

Сонымен қатар көшеде көлік қозғалысының әсерінен түрлі оқыс оқиғалар орын алуы және біздің өмірімізге қатер төндіруі мүмкін. Сондықтан өзімізді оқыс оқиғалардан сақтау үшін әрдайым жол ережесін бұзбай жүрген жақсы, әрі өзіміз үшін қауіпсіз болады. Үнемі жол ережелерін бұзбай, мұқият болуымыз керек. Макеттер арқылы жол қауіпсіздік ережелерін оқушылар мұқият түсіндіріп өтті. Оқушыларға кері сұрақтар қойып, зейіндерін тексерді.

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

 С.Қосалиева

Мектеп инспекторы:

 Е.Уркинбаев



**"Ауа райы жағдайларының жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсері"
тақырыбында өткізілген ақпараттық түсіндірме жұмысының**

АНЫҚТАМАСЫ

11.11.2024ж

Мақсаты: Көшеде жүру ережелерінің шығу тарихымен таныстыру, білімдерін дамыту, жол ережесінің маңыздылығын ұғындыру.

ДТІЖО С.Қосалиева жол ережесіне қажетті құрылғының шығу тарихына тоқталып өті. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, жүріп-тұруды реттеу қажеттілігі машинаның аз кезінде-ақ туған көрінеді. Алғаш рет 1868 жылы Лондон қаласында темір жол бағдаршамы орнатылды. Ол қолмен ауыстырылатын және алмастыру үшін арнайы адам тұратын еді және ол көп уақыт алатын болды. Кейінірек 1870 жылы америкада электр бағдаршамы пайда болды.

Ал бүгінгі таңда бағдаршамды электронды есептеу машинасы арқылы басқару жүзеге асырылған. Қазақстанда бағдаршамдар барлық ірі қалаларда орнатылған. Әрбір аймақтың өмірі көлікпен тығыз байланысты. Сондықтан жолда жүру тәртібі мен қауіпсіздік ережелерін білулерін керек. Әрбір жаяу жүргінші, әр бала жол бойында аса сабырлылықпен аспай-саспай жүріп тұруға тиіс. Бағдаршам өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тілін алу баршаңызға керек. Жаяу жүргіншілер жолдың жиегімен жүруі тиіс. Ал жол үсті тек көліктің жүруіне арналған. Жаяу жүргіншілер жиек жолдың тек оң жағымен жүреді, сонда қарсы келе жатқан адамдарға бөгет жасамайтын болады.

Негізінен жол тәртібін сақтап, жаяу жүргіншіге арналған жолмен немесе бағдаршамнан өтуі керек.

Жүгіріп келе жатқан адам айналасын бағдарлай алмай қалады және қарсы келіп қалған көлікті байқағанмен, сасқалақтап жарақаттануы мүмкін. Сондықтан әр кез сақ болып, асықпай жүрген абзал!

Оңға бұрылатын көлік жолдың оң жағындағы бірінші қатарда тұрады және оң жақ бұрылысты білдіретін жарығын жағады.

Топталып келе жатқан балалар өзара әңгімеге айналып, жолда жүру ережесін ұмытып кетуі мүмкін. Сондықтан жол өткелдерінде әңгімені қойып, барлық зейінді жол қауіпсіздігіне аудару керек.

«Шуақты өміріміз күндей күліп,

Жүректе бүршік атып гүлдейді үміт,

Арманға сапар тарту мүмкін емес

Жол жүру ережесін білмей тұрып.

Қай көше, қай қалаға барсаңыз да,

Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да,

Жол жүру ережесі – заңды тәртіп,

Ол ортақ үлкен-кіші, баршаңызға»

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  С.Қосалиева



**"Жолда және көлікте қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері" тақырыбында
өткізілген сынып сағаттарының**

АНЫҚТАМАСЫ

23.12.2024ж

Жолда жүру ережесін дұрыс түсініп оны пайдалана білуге үйрету. Оқушыларды жауапкершілікке, сергектікке, жол ережесін бұлжытпай сақтауға тәрбиелеу. Балаларға жол белгілерін қайталану арқылы, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында сынып сағаттары өткізілді. Бүгінде ауылда да, қалада да үлкен көшелер және онда жүйткіген автокөліктер көбеюде Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Жол-көлік оқиғаларының зардабынан көбіне балалар зардап шегіп жатқандығы туралы ақпараттар беріліп, сақтық шараларының маңызды екендігі түсіндірілді. Арманға алда күткен асығамыз,
Біз қалай толқын атпай басылармыз.
Жол жүру ережесін жақсы біліп,
Сақтыққа тұра алатын жас ұланбыз!
Жалғайтын достастырып бар елменен,
Жолдардан тұрады ғой әлем деген.

Шуакты өміріміз күндей күліп,
Жүректе бүршік атып гүлдейді үміт.
Арманға сапар тарту мүмкін емес
Жол жүру ережесін білмей тұрып.

Велосипедші ережесі.

Велосипедші басқа көліктер сияқты алдындағы машинадан басып озуға болмайды.

Велосипедші сол жаққа бұрылатын болса бұрыудың алдында қолын сол жағына созып немесе оң қолын шынтағынан бүгіп алдында келе жатқан көлік жүргізушіге алдын ала ескертеді.

Оң жаққа бұрылатын болса сол жаққа бұрылатын қимылдарын қайталайды.

Тоқтағысы келсе қолын жоғары көтереді.

Өмірде күтпеген оқиғалардан сақтану үшін жол ережелеріне бағыну керек. «Сақтансаң сақтармын» дегендей ережелерді тек білу ғана шарт емес, оны бұлжытпай орындаса ғана аман - есен жүруге болады. Көше тәртібін сақтау-сенің міндетің! Егер жол ережесін бұзсаң, тек өзіңе қауіп төндіріп қоймай, басқа адамдарға да зиянды тигізесің. Сондықтан, жолда сақ бол!
Көше тәртібін есіңнен шығарма!

ДТІЖО  С.Қосалнева



№131 жалпы орта білім беретін мектебі

Сынып сағаты

Тақырыбы: «Жолда жүру ережелерін білеміз бе?»

Сынып: 6 «Ә»

Сынып жетекшісі: Серикбаева А.Қ



2024-2025 оқу жылы

31.07.2025
M

№131 жалпы орта білім беретін мектебі

«Жүргіншілер қауіпсіздігі», « Жол ережесін білеміз бе?», « Қауіпсіздік басты міндет» тақырыптарында өткізілген сынып сағаттарының

31.01.2025 ж

АНЫҚТАМАСЫ

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты N131 жалпы орта білім беретін мектебінің директоры Жарасова Гүлжан Спандиярқызының басшылығымен және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қосалиева Салтанаттың ұйымдастыруымен 2025 жылдың 31 қаңтар күні 2-7 сынып оқушылары на "Жүргіншілер қауіпсіздігі", "Жол ережесін білеміз бе?", "Қауіпсіздік басты міндет" тақырыптарында кәмелетке толмағандардың кінәсінен және қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын -алу , көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын нығайту мақсатында қауіпсіздік сабақтары өткізілді.

#біртұтас_тәрбие

#Біртұтас_тәрбие_Шымкент

#QROqu_agartu_ministriligiМинистерство_просвещенияРК

#Ы_Алтынсаринатындағыұлттықбілімакадемиясы

#MeruertMedetbekova

#АнарТәңірбергенова

